

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
(тізім бойынша)

2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ ДС-198

Құрметті депутаттар!

Сіздердің балаларға арналған мемлекеттік тілдегі баспа және анимация өнімдерін шығаруға мемлекеттік қолдау көрсетуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Балаларға арналған мемлекеттік тілдегі баспа, басқа да киноөнімдерін өндірушілер мен сатушыларға арнайы жеңілдіктер белгілеу, интернет-дүкендердің жұмысын реттеу бойынша

Салық кодексінің 293-бабына сәйкес ұлттық фильмдерді Қазақстан аумағындағы кинозалдарда көрсетуден түскен кірістер корпоративтік табыс салығынан босатылады. Сонымен қатар, Салық кодексінің 394-бабына сәйкес фильмдерді шығару кезінде шетел инвесторына қызмет көрсететін отандық кинематографиялық ұйымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Яғни, заңнамада киноөндірушілер, соның ішінде анимациялық студиялар үшін салық жеңілдіктері қарастырылған.

Өз кезегінде заңнамада баспалар үшін салық жеңілдіктері қарастырылмаған. Мұндай жеңілдіктерді ұсыну үшін Республикалық бюджеттік комиссияның келісімі бойынша Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Салық кодексінің 293 және 357-баптарына сәйкес тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын іскерлер жеке табыс және корпоративтік табыс салықтарынан босатылады. Аталған норма тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асырудан түсетін, осындай қызмет жөніндегі операциялар бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі ескерілген кірістер жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 пайызын құраған жағдайда қолданылады.

Балалар мерзімдік басылымдарын және әр сынып оқушылары үшін ұсынылған әдебиеттердің электрондық нұсқаларын тегін жүктеу бойынша

Білім және ғылым министрлігі мен баспалар арасындағы келісімге сәйкес орта мектептердің оқушыларына арналған оқулықтардың электрондық

нұсқалары ведомствоның ресми сайтында қолжетімді. Оқушылар электрондық оқулықтарды тегін жүктей алады.

Өз кезегінде Мәдениет және спорт министрлігі әлеуметтік маңызы бар әдебиетті қолдау аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптарды жыл сайын басып шығарады. Министрліктің бастамасымен 2018 – 2019 жылдары отандық авторлардың 12 туындысы жарық көрді. Басылған кітаптардың электрондық нұсқалары тұрақты түрде Қазақ ұлттық электрондық кітапханасына (ҚазҰЭК) жолданады. Қазіргі уақытта, ҚазҰЭК-тің каталогында балаларға арналған 5551 кітап ақысыз негізде қолжетімді.

Бұл бағыттағы жұмыс ҚазҰЭК-ті одан әрі жетілдірудің шеңберінде жалғасады.

Көрсетілімі көп, жоғары рейтингке ие болған анимациялық сериалды түсіруді қаржыландыруды, олардың тарифтерін көрші мемлекеттердегі тарифтермен сәйкестендіруді қамтамасыз ету бойынша

Соңғы жылдары отандық анимация саласы қарқынды дамуда. Бүлдіршіндерді мемлекеттік тілде сөйлеуге баулу мақсатында «Balapan» телеарнасы (бұдан әрі – телеарна) 2019 жылғы қыркүйектен бастап эфирдің ұзақтығын 15 сағаттан 17 сағатқа дейін ұлғайтып, ондағы анимациялық жобалардың санын 17-ге дейін жеткізді (эфирдің 80%). Телеарнаның анимациялық өнімдері Youtube бейнехостингінде де қолжетімді.

Телеарна рейтингтері жоғары мультфильмдердің өндірісін одан әрі жалғастыруда. Мысалы, «Айдар», «Ертемір» және «Дала ойындары» сияқты көрермендердің көңілінен шыққан мульттоптамалардың екінші және үшінші маусымдары түсірілді.

Бұдан бөлек телеарнада «Қазақфильм» АҚ-ның анимациялық өнімдері көрсетіледі. Атап айтқанда, 2019 жылы телеарна «Қошқар мен теке», «Маймақ қаз», «Ер Төстік пен Айдаһар», «Алпамыс», «Кенже батыр», «Толағай», «Алтын сақа» және тағы 9 анимациялық фильмді трансляциялады.

Жалпы, Сіздер көтеріп отырған мәселелер балаларды тәрбиелеу үшін маңыздылығын ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдарға баспалар үшін салық жеңілдіктерін енгізу және анимациялық фильмдердің тарифтерін қайта қарау мәселелерін пысықтау тапсырылды. Атқарылған жұмыстың нәтижесі Сіздерге қосымша хабарланады.

Б. Сапарбаев